

Сабақтың тақырыбы:
Қарағанды – өнеркәсіптік аймақ



Ғабиден
Мұстафин

1-тапсырма. Ойтүрткі.

- Қарағанды облысы қандай өнеркәсібімен танымал?
- Қарағанды туралы жазылған қандай шығарманы білесіздер?



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (5-аудио). Әр азатжолдағы негізгі ақпаратты тезис түрінде дәптерлеңізге жазыңыздар.

Қарағанды облысы – Қазақстанда жетекші орын алатын ірі өнеркәсіптік аймақ әрі индустриалды орталық.

Қарағанды-Теміртау өнеркәсіпті аймағына көмір, қара металлургия, химия және мұнай-химия өнеркәсібі, металл өңдеу, мәшине жасау, жеңіл өнеркәсіп, көлік, байланыс, тамақ өнеркәсіптері, электр энергиясы, ағаш өңдеу, құрылыс материалдары өнеркәсібі және қызмет көрсету саласының кәсіпорындары шоғырланған.

Жезқазған аймағында темір, марганец, алтын, күміс, мырыш және тағы басқа сирек металдар өндіріледі.

Бүгінде Қарағанды облысы өзін-өзі ауылшаруашылық өнімдерінің негізгі түрлерімен толықтай қамтамасыз етеді. Облыста сүт өңдейтін 16, ет өңдейтін 50-ге тарта кәсіпорын, жекеменшік шаруашылықтар бар. Қазіргі кезде «Миттал Стил Теміртау» зауыты шойын, болат, агломерат т.б. өндіреді. Бұл өнімдер Қазақстандағы бүкіл өндірісті, өнеркәсіпті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар өнімдерін 60-тан астам елге экспортқа шығарады. Осылайша, индустриалды аймақ өңір экономикасына серпін беруде.

Тірек сөздер

- өнеркәсіптік аймақ
- шоғырлану
- жекеменшік шаруашылықтар
- металл өңдеу
- өңір экономикасы

- 1-тапсырма: **Көмір, шахта, өнеркәсіп, зауыт** сөздерімен сөйлем құраңыздар.
- 2-тапсырма. Осы мәтін негізінде өздеріңіз тұрып жатқан облыс жайлы (Ақмола, СҚО) хабарлама дайындаңыз.
- 3-тапсырма. **“Өндіріс, шоғырланған”** сөздеріне фонетикалық талдау жасаңыз.